

**«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №3**

Өткізу күні: 2026 жылғы 14 қаңтар

Уақыты: 15:00

Өткізу орны: Эстетикалық бағыттағы гимназия, кітапхана

Қатысқандар: гимназия директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
қамқоршылық кеңес мүшелері

Қатысушылар саны: 13 адам

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымындағы барлық кабинеттерге бейнебақылау камераларын
орнату мәселесі.

2. «Білім беру ұйымының террористік тұрғыдан осал объект ретіндегі
қауіпсіздігін күшейту: ҚР БҒМ №117 бұйрығы мен ҚР ІІМ №959
бұйрығының талаптарына сай мамандандырылған күзет қызметін
ұйымдастыру туралы».

Тыңдалды: Лямов Данияр Гизатоллаевич - кеңес мүшесі

Ата-аналар комитеті тарапынан білім беру ұйымының оқу кабинеттеріне
бейнебақылау камераларын орнату туралы ұсыныс келіп түсті. Осы мәселені
Қамқоршылық кеңес мүшелері жан-жақты талқылап, оның мектеп
қауымдастығы үшін маңыздылығын атап өтті.

Бүгінгі таңда білім беру мекемесінде 1900-ден астам оқушы білім алатынын
ескере отырып, балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін
қамтамасыз ету — басты міндет болып табылады. Осы ретте, мектеп
аумағында және ғимарат ішінде назардан тыс қалатын аймақтардың мүлдем
болмауы тиіс екендігі ерекше назарға алынды.

Кеңес мүшелері бұл бастама мектептегі қауіпсіздік шараларын барынша
күшейтуге, білім алушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауын бақылауға,
сондай-ақ оқу-тәрбие процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз
етуге оң ықпал етеді деп есептейді. Сонымен қатар, заманауи бейнебақылау
жүйесі оқу орнындағы жалпы тәртіпті, жауапкершілікті және құқық
бұзушылықтың алдын алу деңгейін арттыруға көмектеседі.

Тыңдалды:

Мекеменің «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы
Заңына және ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 31 наурыздағы №127 қаулысына
сәйкес терроризмге осал объектілер қатарына жататыны айтылды. Осыған
байланысты күзет ұйымымен жасалған 3 жылдық келісімшарт талаптарын
қатаң сақтау және оның орындалуын тұрақты бақылауда ұстау қажеттігі атап
өтілді.

Күзет қызметін көрсетуші ұйымның терроризмге осал объектілерді күзетуге арналған мемлекеттік лицензиясының жарамдылығын жүйелі түрде тексеру қажеттігі жеткізілді.

Нысандағы күзет бекеттерінің жұмыс тәртібі түсіндіріліп, орталық кіреберістегі №1 посттың тәулік бойы қызмет атқаратыны, №2 және №3 посттардың күндізгі режимде жұмыс істейтіні, сондай-ақ қосымша күзет бекетінің белгіленген кестеге сәйкес ұйымдастырылғаны хабарланды.

Кіру-шығу режимін күшейту мақсатында ата-аналар мен келушілердің жеке басын куәландыратын құжаттары арқылы тіркелуі, келушілерді есепке алу журналдарының тұрақты жүргізілуі және бөгде адамдардың ғимаратқа кіруіне жол бермеу қажеттігі айтылды.

Бейнебақылау жүйесі, өрт және газ дабылдарының үздіксіз бақылауда болуы, төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету алгоритмдерін сақтау және құқық қорғау органдарымен өзара байланыс орнату мәселелеріне назар аударылды. Мекеме аумағы мен іргелес аумақтарды жүйелі түрде тексерудің маңыздылығы атап өтілді.

Күзет қызметкерлеріне қойылатын талаптар түсіндіріліп, олардың ресми түрде жұмысқа қабылдануы, жарамды куәліктерінің болуы, соттылығының болмауы және тиісті медициналық анықтамаларының болуы міндетті екендігі ескертілді. Сонымен қатар зейнеткерлер мен мүгедектігі бар тұлғаларды күзет қызметіне тартуға жол берілмейтіні айтылды.

Сөз соңында күзет қызметкерлерінің еңбек тәртібін сақтау мәселесіне тоқталып, ауысым алдында алкотестерден өту тәртібі, қызметтік міндеттерді өрескел бұзу жағдайларында шартты біржақты бұзу мүмкіндігі және күзет ұйымының қызметкер ауысқан жағдайда бұл туралы білім беру ұйымын кемінде үш жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабардар ету міндеті түсіндірілді.

Қаулы:

1. Білім беру ұйымындағы барлық оқу кабинеттеріне бейнебақылау камераларын орнату туралы Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсынысы қолдау тапсын.
2. Аталған мәселе бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін білім беру ұйымының басшылығына ұсыныс жолдансын.
3. Бейнебақылауды орнатудың техникалық және қаржылық мүмкіндіктері қарастырылсын.
4. Білім беру ұйымының терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында күзет қызметін ұйымдастыру және өткізу режимін күшейту бойынша нормативтік-құқықтық актілер мен келісімшарт талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
5. Күзет қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін сапалы орындауы, еңбек тәртібін сақтауы, бейнебақылау және қауіпсіздік жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі тұрақты бақылауға алынсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшы:



Э.А.Алпамысова

Т.М.Хаирушева